



Қазақстан Республикасында пайдалы қазбаларды барлауға және/немесе өндіруге лицензия алу құқығына арналған инвестициялық бағдарламалар өткізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 27 қаңтар N 107. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1998.06.22. N 578 қаулысымен. ~P980578

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан

Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828

U962828_

Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасында пайдалы қазбаларды барлауға және/немесе өндіруге лицензия алу құқығына арналған инвестициялық бағдарламалар конкурсын өткізу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 27 қаңтардағы
N 107 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасында пайдалы қазбаларды барлауға және/немесе өндіруге лицензия алу құқығына инвестициялық бағдарламалар конкурсын өткізу тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Пайдалы қазбаларды барлауға және/немесе өндіруге лицензия алу құқығына арналған инвестициялық бағдарламалар конкурсы (бұдан әрі - конкурс) - жер қойнауын пайдалануға лицензия берудің негізгі тәсілі болып табылады.

2. Конкурстар ашық және жабық болуы мүмкін. Оларды лицензиялық орган немесе оның тапсыруы бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жұмыс органды жариялады. Iрі объектілер бойынша конкурстарды Қазақстан Республикасының Үкіметі жариялады.

3. Жұмыс органды (ұйымдастыру комитеті) конкурс және оны өткізу шарттары туралы хабарлама дайындаиды.

4. Хабарламада (шакырудада):

конкурсқа түскен объектінің атауы, оның орналасқан жері және қысқаша сипаттамасы;

жер қойнауын пайдалануды лицензиялау түрлері; конкурстың жүргізілетін уақыты, орны және күнтізбелік кестесі; конкурсқа қатысуға өтініштерді қабылдау тәртібі болуы тиіс.

5. Конкурстың шарттары:

Қазақстан Республикасының бюджетіне төлемдердің бастапқы мөлшерін (жалдау ақысы, бонустар, роялти және т.б.);

конкурсқа қатысу құқығына төленетін жарна; конкурсқа қатысушыға алдын ала геологиялық ақпарат пакетін беруді; конкурс ұсыныстарының құрылымын; конкурс ұсыныстарының баға белгісін ескеруі тиіс.

6. Ашық конкурс және оны өткізу шарттары туралы хабарлама ресми баспасөз органдарында жариялануы тиіс, ал жабық конкурс шакыруду және оны өткізу шарттары оның барлық әлеуетті қатысушыларының назарына конкурсты өткізуге 90 күн қалғанға дейін хабарлануы тиіс.

7. Конкурсқа қатысу ниеті осы Ереженің 1,2-қосымшаларына сәйкес жұмыс органдына (ұйымдастыру комитетіне) шакырудада көрсетілген күннен кешіктірілмей жіберілген өтінішпен расталуы тиіс.

8. Өтінімде:

өтінім иесі туралы деректер: өтінім иесінің атауы оның мекен-жайы, мемлекет қатыстылығы (занды тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін);

занды тұлға және лицензия алу кезінде өтінім иесін білдіретін тұлғаның басшылары немесе иелері туралы деректер;

өтінім иесінің қаржылық, техникалық, басқару және ұйымдастырушылық мүмкіндіктері туралы деректер құжатты түрде расталуын қамтуға тиіс.

Өтінімдер өтінім иесі конкурсқа қатысу үшін белгіленген жарнаны

төлегеннен кейін қаруға қабылданады.

9. Конкурсқа қатысушылардың саны кем дегенде екеу болуға тиіс.

10. Конкурсқа қатысушы өтінім иесіне конкурс шарттымен жер қойнауын пайдалануға лицензия алу құқығына арналған конкурс ұсыныстарын әзірлеу үшін қажетті және жергілікті геологиялық, тау-кен техникалық, технологиялық және өзге де деректер бар ақпарат пакеті беріледі.

11. Пайдалы қазбаларды барлауға лицензия алуға арналған конкурстық ұсныс;

конкурсқа қатысушының соңғы бес жылдағы бұған дейінгі қызметі туралы ақпаратты, оның қаржылық мүмкіндіктері туралы банк анықтамасын;

жұмыс бағдарламасы мен оны жүзеге асыруға кететін шығыстарын қоса алғанда, барлау жұмыстарын жүргізу шарттарына қатысты нийеттерін;

қайта қосыту мен конкурстық аумақтық жерді қалпына келтіруді қоса алғанда, конкурсқа қатысушының қоршаған ортаны қорғауға нийеттерін;

қаржыландыру көздері мен инвестициялық бағдарламаларын жүзеге асыру
к е з д е р і н қ а м т у ғ а т и і с .

12. Конкурс қатысушылар конкурс шарттарымен белгіленген мерзімде конкурстық ұсыныстар жасайды және оларды жұмыс органды (ұйымдастыру комитетіне) жібереді.

13. Өндіруге лицензия алуға арналған конкурстық ұсыныс 12-тармақта көрсетілген шарттардан басқа:

барлауға арналған лицензия деректері және егер конкурсқа қатысушының қолында бар болса, оны пайдаланудың қорытындыларын;

барлау жұмыстарын бастау мерзімі және оның экономикалық және техникалық мүмкіншілік деңгейіне жетуін;

өндіруге байланысты шығыстар бойынша және пайдалы қазбалар сатудан түсітін табыстар бойынша болжауларының есебін;

Қазақстан Республикасына түсуге тиіс ақша түсімдері мен контрактілік аумақтағы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға кететін құрделі салымдарды;

қазақстандық кадрларды дайындау жөніндегі міндеттемелерді; кен орындарын барлаудың жоспары мен алышатын пайдалы қазбалардың мөлшерін қамтуға тиіс.

14. Пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге бірлескен лицензияны алу құқығына арналған конкурстық ұсыныс, барлау мен өндіру лицензиясын алу құқығына арналған конкурстық ұсыныс үшін қажетті шарттарды қамтуы тиіс.

15. Конкурсқа қатысуға жібермеу құқығы:

өтінімді конкурстық шарттармен белгіленген мерзімнен кейін берсе; өтініш иесі осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген мәліметтерді құжатты

түрде растамай ұсынған жағдайларда орын алады.

16. Конкурстық ұсыныстардың сараптамасын жұмыс органы (ұйымдастыру комитеті) сайлаған сарапшылар жүзеге асырады. Конкурстық ұсыныстардың сараптамалық бағалары Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жұмыс органы (ұйымдастыру комитеті) әзірлеген өлшемдер негізінде жүзеге асырылады.

17. Сараптамалық бағалар жұмыс органына (ұйымдастыру комитетіне) келіп түседі, жұмыс органы оларды жинақтап қорытып, хаттамамен ресімдейді, онда конкурстың жеңімпазын анықтау жөніндегі ұсынымдар беріледі.

18. Жұмыс органының (ұйымдастыру комитетінің) өткізілген конкурстың қорытындылары туралы хаттамасы оған қосымша конкурстық ұсыныстардың сараптамалық бағаларымен бірге, ұсынылған мәліметтер негізінде конкурс жеңімпазы туралы шешім қабылдайтын лицензиялық органға жіберіледі.

19. Конкурс жеңімпазына лицензиялық орган ресми хабарлама

жібереді және жер қойнауын пайдалануға лицензия беріледі. Конкурстың қорытындылары ресми баспасөзде жарияланады.

20. Егер белгіленген конкурс мерзімінің шегінде конкурсқа тек қана бір өтінім қабылданған болса немесе егер конкурсқа қатысуышылар техникалық, басқару, ұйымдастыру және қаржы мүмкіншіліктері бойынша конкурс шарттарына сай келмесе, одан конкурс өткізілмеген деп саналады.

21. Конкурсты ұйымдастырушылар конкурсқа қатысуышылардың шығарған шығыстарын өтемейді.

22. Жұмыс органына (ұйымдастыру комитетіне) келіп түскен барлық конкурстық ұсыныстар конкурсқа қатысуышыға қайтарылмайды.

23. Белгіленген мерзімінен кейін берілген ұсыныстар конкурсқа қатысуышыларға ашылмаған күйінде қайтарылады.

24. Жер қойнауын пайдалануға лицензия алуға арналған конкурстық ұсыныстар конкурс ұйымдастырушылары айқындалған мерзімде, бірақ лицензия алу құқығына арналған конкурстық ұсыныстарды қабылдаған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қаралуы тиіс.

1-Қосымша

_____ облысы _____ ауданның шегінде орналасқан

(кен орнының атауы немесе контрактілік аумақтың сипаттамасы)

(пайдалы қазбаның түрі)

барлау (барлау және өндіру) үшін жер қойнауын пайдалану құқығына
лицензия алуға арналған

Ө Т И Н И М

1. Өтінім иесі туралы деректер;
 - 1) кәсіпорынның атауы;
 - 2) деректемелер;
 - 3) мекен-жайы, телефон, факс;
 - 4) меншік нысаны;
 - 5) құрылтайшылар (бірлескен кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар, серіктестіктер және т.б. үшін);
 - 6) құрылған күні, құжаттардың тіркелген нөмірі;
 - 7) басшылар, лицензия алудағы өтінім иесінің өкілі;
 - 8) қызметінің негізгі түрі, жұмыс тәжірибесі;
 - 9) кәсіпорынның қаржылық жай-күйі, қаржы көздері;
- 10) өтініш беруші кәсіпорынның немесе мердігердің техникалық, технологиялық және ұйымдастыруыштық мүмкіндіктері.
2. Жер қойнауын пайдаланумен байланысты (объектінің атауы, қысқаша геологиялық сипаттамасы, қорлары, пайдалы құрамдас бөлшектерінің орташа мөлшері, шикізаттың сапасы) жұмыстардың нысаналы мақсаты.
3. Сұралған аумақтық кеңістік шектері, оның ауданы:
 - 1) 1942 жылғы координат жүйесі бойынша геологиялық бөлудің бұрыштық нүктелерінің координаттары көрсетілген жоба;
 - 2) геологиялық бөлудің картограммасы;
 - 3) аудандар бойынша өз қаражаты есебінен жүргізілген жұмыстар бойынша есеп пен шығындардың мемлекеттік тіркеу нөмірі.
4. Лицензия сұралуының мерзімі:
 - 1) геологиялық зерделеу кезеңінің ұзақтығы;
 - 2) өндіру кезеңінің ұзақтығы.
5. Аумақты жылдар бойынша қайтару (2-5 жыл геологиялық зерделеуден кеңін).
6. Жұмыстардың ең шағын жоспары. Негізгі геологиялық және геофизикалық зерттеулердің физикалық және ақшалай көрінісіндегі бастапқы бес жыл бойына аудан, участке, блок, кен орындары бойынша белгіленген аумағы.
7. Егер бұрын өтінім иесі жер қойнауын пайдалануға лицензия

алған боса онда:

- 1) лицензиялардың нөмірін көрсету;
- 2) әр лицензия бойынша лицензиялық шарттардың орындалуын көрсету;

ақпарат алу, шарт жасасу, ақшалай көріністегі іс жүзінде орындалуы, кәсіби оқытуды қаржыландыру.

8. Лицензиялық аумақтың инфрақұрылымын пайдалану және дамыту жөніндегі өтінім иесінің ниеті.

9. Жергілікті жұмыс құшін пайдалану және оқытуға жұмсалатын шығын көлемі жөніндегі өтінім иесінің ниеті.

ӨТІНІМГЕ ҚОСА БЕРІЛЕТІН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

1. Облыс әкімшілігінің басшысымен алдын ала келісілген жер бөліп берудің хаттамасы.

2. Лицензия алу құқығына арналған конкурсқа қатысқаны үшін жарна төленгені туралы құжат (20 ең төменгі жалақы мөлшерінде).

3. Шаруашылық жүргізуші субъектіні тіркеу туралы куәліктің көшірмесі.

4. Жарғының көшірмесі.

5. Құрылтай шартының көшірмесі.

6. Контрактлік аумақты геологиялық бөлудің картограммасымен бірге жобасы.

7. Өтінім иесінің белгіленген жұмыстарды орындау жөніндегі қаржы мүмкіндіктерін растайтын құжаттар.

8. Өтінім иесінің белгіленген жұмыстарды орындау жөніндегі техникалық, ұйымдастыру және басқару мүмкіндіктерін растайтын құжаттар.

9. Жер қойнауын және жер участекерін (жұмыс істеген кәсіпорындар үшін) пайдалануға бұрын берілген құқықты растайтын құжаттардың көшірмесі.

Мөр орны

Кәсіпорын басшысы _____

Мерзімі

2-Қосымша

облысы _____ ауданындағы _____ кен орындарындағы
_____ кенін өндіруге лицензия алуға арналған

Ө Т И Н И М

1. Өтінім иесі туралы мәліметтер:

- 1) кәсіпорынның атауы;
 - 2) деректемелер;
 - 3) мекен-жайы, телефон, факс;
 - 4) меншік нысаны;
 - 5) құрылтайшылар (бірлескен кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар, серіктестіктер және т.б. үшін);
 - 6) құрылған күні, тіркелген құжаттардың нөмірлері;
 - 7) басшылары, лицензия алудағы өтінім иесінің өкілі;
 - 8) қызметтің негізгі түрі;
 - 9) жұмыс тәжірибесі;
 - 10) өтініш беруші кәсіпорынның қаржылық жағдайы және жер байлықтарын пайдалануға белгіленген жұмыстарды орындау мүмкіншіліктері;
 - 11) қаржы көздері;

 - 12) өтініш беруші - кәсіпорынның немесе мердігердің техникалық, технологиялық және ұйымдастыруышлық мүмкіндіктері;
 - 13) жобаның атауы (есеп берудің) және оның мемлекеттік тіркеу нөмірі (өтініш беруші кәсіпорын жүргізген іздестіру және барлау жұмыстарын қаржыландыратын жағдайда), қаржыландыру көлемі;
2. Жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың нысаналы мақсаты:
- 1) мәлімделінген объектінің қысқаша геологиялық мінездемесі;
 - 2) негізгі және солармен қатар жатқан пайдалы қазбалар бойынша кен орындарының қоры. Қайда, қашан және қандай санаттармен бекітілген, ЖМК (АМК) хаттамасының нөмірі;
 - 3) жұмыстың ең шағын жоспары;
- а) жылдар бойынша белгіленген өндіру көлемі;

- б) өндіру жұмыстарының басталуы;
в) кен орындарының негізіне ұсынылған күрделі салымдар;
4) өтінім берген сәттегі жағдайына байланысты пайдаланылған

және кәсіпорын балансында болып саналатын қорлардың жұмыс істейтін кәсіпорындар үшін мөлшері;

3. Сұралған аумақтың кеңестік шектері, оның ауданы, орналасқан жері.

4. Техникалық-экономикалық көрсеткіштері:

жаңадан қосылған кен орындары үшін ТЭО шарты бойынша, пайдаланудағы кен орындары бойынша - техникалық жобасымен салыстырғанда іс-жүзінде соңғы 3 жылда:

- 1) тежжоба бойынша өнімділік - іс жүзінде;
- 2) өндіру тәсілі - жер асты, ашық, құрастырылған;
- 3) өндіру жүйесі, олардың ара қатысы - тежжоба бойынша және іс жүзінде;
- 4) тежжоба бойынша шығындар - іс жүзінде;
- 5) сусыздандыру;
- 6) өңдеу (өңдеудің схемасы);
- 7) алынатын өнімдер және олардың сапасы;
- 8) негізгі және пайдалы құрамдас бөліктерді тежжоба бойынша шығару - іс жүзінде;
- 9) жоспарлы өндірудің өзіндік құны - іс жүзінде;
- 10) өңдеудің өзіндік құны;
- 11) жалпы жылдық шығындар;
- 12) сатылған жылдық өнімнің құны;
- 13) негізгі қорлардың (тау-кен күрделі жөндеуді қоса алғанда) қалдық құны;
- 14) айналым қаражаты;
- 15) жер қойнауын және жерді пайдаланғаны үшін төленетін төлемдер.

5. Лицензияның сұралатын мерзімі.

6. Лицензиялық аумақтың немесе таулы бөлінген ауданының инфрақұрылымын пайдалану мен дамытудың өтінім иесінің ниеті; жұмыс істеген кәсіпорын үшін ауданының инфрақұрылымын ұстауға, әлеуметтік құжаттарға жұмсайтын шығындар.

7. Жергілікті жұмыс күшін пайдалану жөніндегі өтінім иесінің ниеті және оқытуға жұмсалатын шығын көлемі.

**ӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ӨТІНІМГЕ ҚОСА БЕРІЛЕТІН
ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ**

1. Таулы бөлудің жобасы, ал жұмыс істейтін кәсіпорындар үшін 1942 жылғы координаттар жүйесі бойынша таулы бөлудің бұрыштық нүктелерінің координаттарын көрсете отырып жасалған актінің көшірмесі, игеру тереңдігі.
Таулы бөлудің картограммасы.

2. Облыс әкімшілігінің басшысымен алдын ала келісілген жер бөліп берудің хаттамасы немесе жер қойнауын және жер участкерін (жұмыс істейтін кәсіпорындар үшін) пайдалануға бұрын берілген құқықты растайтын **құжаттардың көшірмесі**.

3. Шаруашылық жүргізуши субъектіні тіркеу туралы қуәліктің көшірмесі.

4. Лицензия алу құқығына арналған конкурсқа қатысқаны үшін жарна төленгені туралы құжат (20 ең тәменгі жалақы мөлшерінде).

5. Жарғы көшірмесі.

6. Құрылтай шартының көшірмесі.

7. Өтінім иесінің белгіленген жұмыстарды орындау жөніндегі қаржы, мүмкіндіктерін растайтын құжаттар.

8. Өтінім иесінің техникалық, ұйымдастырушылық және басқару мүмкіндіктерін растайтын құжаттар, егер өндіруге атtestаты бар болса, атtestатының нөмірін, өндірудің мерзімін және кім бергенін көрсету керек.

Мөр орны

Кәсіпорын басшысы _____

Мерзімі